

ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯ



- ▣ **Жаңа Зеландия** (ағылш. *New Zealand*, мао. *Aotearoa*) — Тынық Мұхиттың оңтүстік-батыс жағында орналасқан екі (Солтүстік және Оңтүстік деп аталатын) аралдан, сонымен қатар басқа да ұсақ аралдардан (Стьюарт, Чатем, Кермадек, Кэмпбелл, т.б.) аралдарда орналасқан мемлекет.


Космостағы көрініс



Картасы



- Жер аумағы – 270,5 мың км². Бұған қоса Жаңа Зеландия Антарктиканың бір бөлігін (жалпы аумағы 414,4 мың км²) сырттай меншіктенеді. Астанасы – Веллингтон. Халқы – 4,2 млн. адам. Тұрғындардың 79,5%-ы – жаңазеландықтар (негізінен, Ұлыбританиядан шыққан еуропалықтар), 14,5%-ы – маорилер (жергілікті тұрғындар), 6%-ы – азиялықтар, полинезиялықтар, т.б. этникалық топтар. Ресми тілі – ағылшын тілі. Халқының көпшілігі христиан дінінің протестант тармағын ұстанады. Жаңа Зеландия – Британ Достастығына кіретіндіктен, мемлекет басшысы Ұлыбритания королевасы болып есептеледі.



Елтаңба

Ту

- ▣ Жергілікті Маори ұлты Жаңа Зеландияны Аотиароа (Ұзын Ақ Бұлт Елі) деп атайды. Жаңа Зеландия қарамағына сонымен қатар Куук аралдары Найю (өзін-өзі басқарғанымен еркін құрамында); Токелау; Росс Тәуелділігі (Жаңа Зеландияның Антарктикадағы территориясы).
- ▣ Халқының басым бөлігі Еуропалықтар, ал ежелгі Маори тұрғындары ең ірі кіші ұлттардың бірі, Азиялықтар мен Маориге жатпайтын Полинезиліктер көбінесе урбанды аудандарда кезедеседі.






- **Маори** (Maori), Жаңа Зеландияның полинезиялық халқы. Ш.
- Маоридің дәстүрлі тарихы олардың Жаңа Зеландияда пайда болуын 12—14 ғасырлардағы мифтік атамекендерінен бірнеше рет көшуімен сипаттайды, бірақ археологтардың мәліметтері бойынша Жаңа Зеландияға халық 800 жылы қоныстанған. Олармен байланысқа түскен алғашқы еуропалық А.ТАСМАН (1642) болды, ол маори тобымен шайқасқан.
- Олар еуропалықтарды қуана-қуана қарсы алады, бірақ қару-жарақтың, аурулардың, ауылшаруашылығын жүргізудің батыстық әдістерінің, миссионерлердің пайда болуы маори мәдениетін талқандап, бұл қақтығысқа әкеп соғады.
- Британдықтар 1840 жылы Жаңа Зеландияны ресми түрде басқаруға көшті; үш онжылдық ішінде жер иелігі үшін бірнеше рет шайқас болды. 1872 жылы соғыс аяқталып, маори жерінің көп бөлігі тәркіленді.
- Қазіргі кезде Жаңа Зеландия халқының шамамен 9%-ы маориге жатады, олардың бәрі еуропалықтармен араласқан.
- Қазіргі урбандалған өмірге төселсе де, маорилердің көбі дәстүрлі өмір салтын ұстанып, ата-бабадан қалған жерін сақтап қалу үшін күресіп келеді.

□ Табиғаты

- Жаңа Зеландия аралдары таулы келеді, жерінің төрттен үш бөлігі – тау, үстірт, қырат. Ең биік жері — Оңтүстік Альпідегі (Оңтүстік арал) Кук тауы (3756 м). Жер сілкіну, жанартау атқылау жиі болады. Солтүстік аралдың орталық бөлігінде Руапеху (2796 м), Нгаурухоэ (2291 м), Тонгариро (2048 м) атты сөнбеген жанартаулар бар. Климаты теңіздік, субтропиктік, қиыр оңтүстігі – қоңыржай салқын. Ең жылы айдағы (қаңтар) орташа температура солтүстігінде 19°C, оңтүстігінде 14°C, шілде айында 12°C және 5°C. Жауын-шашынның жылдық мөлшері батысында 2000 – 5000 мм, қалған жерлерде 400 – 700 мм. Ірі өзендері – Уаикато, Уонганум Рангитики (Солтүстік арал) және Клута, Тайери, Матаура (Оңтүстік арал). Суы мол көлдері Те-Анау, Мананаури (Оңтүстік арал) Таупо, Ротоудэ (Солтүстік арал). Жерінің 23%-ы (6,2 млн. га) – субтропиктік және жасыл орман. Жер бетінде алғаш жаралған кесірткелердің бірі геттерия (немесе тутара) осында ғана кездеседі.



- Тарихы
- Жаңа Зеландияға 10 – 14-ғасырларда [Полинезиядан](#) қазіргі маорилердің арғы аталары келіп қоныстанған. Еуропалықтардан ең бірінші барған адам голландиялық теңізші Абел Тасман (1642) болды. Екінші рет 18-ғасырдың 2-жартысында ағылшын теңізшісі Джеймс Кук барып, зерттеу (1769) жүргізді. 19-ғасырда аралдарға еуропалықтар қоныс теуіп, жергілікті тұрғындарды қуғынға ұшыратты. 1840 ж. Ұлыбритания өз отарына айналдырды. Маорилердің көтерілістері (1843 – 72) қатал басып-жаншылды. Алтын кендерінің ашылуына байланысты қоныстанушылар көбейіп кетті. Ел 1907 ж. доминион мәртебесіне ие болып, 1931 ж. ішкі-сыртқы дербестігі күшейтілді. 1945 ж. БҰҰ-ның мүшелігіне өтті. 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында Жаңа Зеландия әскерлері Грекиядағы, Солтүстік [Африкадағы](#) және [Жапонияға](#) қарсы соғыс қимылдарына қатысқан. Соғыстан кейін елдің Ұлыбританиямен саяси байланысы нашарлап, [АҚШ](#)-пен саяси және әскери ынтымағы күшейді. АҚШ жағында [Корея](#) соғысына (1950 – 53), [Вьетнаммен](#) соғысқа (1965 – 70) қатысты.



ВЕЛЛИНГТОН



- Экономикасы[[өңдеу](#)]
- Жаңа Зеландия – өндірісі мен ауыл шаруашылығы дамыған ел. Ішкі жиынтық өнім жеке адамға шаққанда 16786 АҚШ долларын құрайды. Өнеркәсібінің негізгі салалары: тамақ, қағаз шығару, машина жасау, химия, тігін, т.б. Соңғы жылдары экспортқа балық шығару жедел дамып келеді. Жаңа Зеландия ет-сүт өнімдерін өндіруден, қой өсіруден дүние жүзінде жетекші орында. Әлемдегі сүт өнімдерінің 25%-ын шығарады. Жыл сайын миллион тоннадан аса ет, 200 мың тонна жүн ([Австралиядан](#) кейін 2-орын) өндіреді. Экспортқа тауар шығарудан жан басына шаққанда Жаңа Зеландия дүние жүзінде 1-орын алады. Өндірілген өнімдердің 30%-ы экспортқа шығарылады. Олар, негізінен: ет, сүт, жүн, жеміс-жидек, балық, ағаш өнімдері. Импорттың 40%-ын машина, құрал-жабдықтар, көлік құралдары құрайды. Қалған бөлігі шикізаттар мен мұнай, химия өнімдеріне тиесілі. Қазақстан мен Жаңа Зеландия арасында дипломатиялық қарым-қатынас 1993 ж. 10-тамызда орнады.



Хоббитон







***Назарларыңызға
рахмет!***

